

ҚЫЗЫЛОРДА МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖОҒАРЫ КОЛЛЕДЖІ

ДИПЛОМ ЖҰМЫСЫ

Тақырыбы: «Адам организміне есірткі әсерінің зияндылығын анализдеу және нашақорлықтың алдын - алу»

Орындаған: «Медбикелік іс» мамандығы қолданбалы ғылым бакалавры

№63 топ студенті – Мырзабек Айдана

ҚЫЗЫЛОРДА 2016 Ж

Тақырыптың өзектілігі

Бұл тақырыпты таңдаған себебім, қазіргі таңда әдемдік статистика бойынша (<https://www.unodc.org>) дүниежүзінде нашақорлыққа салынғандардың саны артуда. Сондықтан, жастар арасында есірткі тұтынуды болдырмас үшін алдын алу қажет. Қазіргі уақытта нашақорлық проблемасы әлемдік қоғам статистикасында өзекті мәселе болып тұр және оның салдары ретінде жастар арасында есірткіні пайдаланумен байланысты ахуал барлық елдер үкіметтерінің алаңдаушылығын арттырып отыр.

Осыған орай 2012 жылы 12 сәуірде Қазақстан Республикасы Үкіметінің №451 Қаулысымен «Қазақстан Республикасында нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2012 - 2016 жылдарға арналған сапалық бағдарламасы» бекітілді. (<http://akm.prokuror.kz/>)

Еуропадағы есірткі яғни марихуана пайдаланушылардың саны 22,5 млн. адам, амфетамин және экстази 2,5 млн., кокаин 4 млн., героин 1,5 млн. адам ([http://doctorhiller.com /](http://doctorhiller.com/))

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (СНГ) мәліметтері бойынша 2015 жылы есірткі тұтынатын адамдар саны 8% артты. Жалпы саны 3 661 000 адам. (<http://www.ksgp-cis.ru/pages.php?id=72>)

БҰҰ мәліметі бойынша 2015 жылдың әлемдік есірткі тұтынатын адамдар саны 11.6 миллион. (<http://spid-vich.net/>)

2015 жылы елімізде есірткі пайдаланатын адамдардың саны – 31049 (<https://vlast.kz/strana/>)

Қызылорда қаласында есірткі тұтынатын адамдар саны 795 адам



Зерттеу мақсаты:

Нашақорлық әлемдік көлемдегі мәселе. Нашақорлыққа көбіне жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезеңде ересектер арасында да есірткіге әуестенетіндер көбейіп келеді (<https://stud.kz/referat/show/34704>). Мақсатым есірткі тұтынатын адамдар санын азайту үшін халықтың сауаттылығын көтеру шараларын ойлап табу(<http://www.zozhaktobe.kz/>). Яғни, адамдар теледидарды көп қарайтын болғандықтан, нашақорлық туралы оның қандай ауру екендігін, не себепті нашақорлыққа баратындығын, қандай белгілері бар және оның алдын-алу шаралары туралы телебағдарлама шығару. (<http://www.zozhaktobe.kz/>)

Зерттеу міндеті:

- әдебиеттерді оқу
- әдіс таңдау
- зерттеу жүргізі, зерттеу объектісі
- зерттеуді анализдеу
- зерттеуді қорытындылау
- ақпарат көздері

Теориялық негізі.

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

- Есірткінің шығу тарихы
- Есірткі туралы ақпарат
- Есірткі тұтынудың себептері
- Нашақорлардың негізгі белгілері
- Есірткінің түрлері
- Есірткінің адам ағзасына әсері
- Нашақорлықтың алдын - алу шаралары

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.



Есірткінің шығу тарихы

Есірткі ежелден адамзат баласына оңай және тез тәуелділікке душар етіп, организмге зиян әкелетін зат ретінде белгілі болған. Ежелгі мысырлықтар апиынды б.э.д. 1600 жылы балалар мен ересектерге тыныштандырушы зат ретінде қолданған.

Ежелгі гректер қайғы-қасіретті ұмыттыру мақсатында және ауыр халдегі науқастарға ұйқтататын дәрі деп пайдаланған. 1803 жылы неміс химигі Ф.Сертюнер апиыннен алғашқы алколоиды болып алып, грек ұйқы құдайы Морфей атына –”морфин” деп атаған. 1898 жыл Дессер морфиннен химиялық жолмен героинды бөліп алды. Алғашқы кезде героин морфинизмды емдеу үшін қолданылды.

Шығыс және Батыс елдерінде апиынды есірткі ретінде тұтыну ол VIII ғасырдан кейін кеңінен етек алған да, әсіресе XX ғасырдың 60 жылдарында ерекше қарқынмен тарай бастаған.

Дүние жүзінде күнделікті қолданыста стимуляторлар да есірткі ретінде қабылдануда. Өйткені, олардың да құрамында мастандыратын, ашуландыратын, тыныштандыратын, сергітетін заттар бар.



Нашақорлық - грек тілінде «ұйқы» мағынасын білдіретін «narke» сөзі ағылшын тілінде «narkotik» деген сөзге айналып, ұйықтату, жансыздандыру, сезімсіздендіру деген мағынаны береді. Жалпы айтқанда есірткі заттары деп жансыздандыру ерекшелігіне ие болатын заттарды айтамыз.

Есірткі қолданудың себептері:

- Білімсіздік: есірткінің қаншалықты қауіпті екендігін білмеу.
- Қызығу: қызығушылықтың туындауына көбінесе айналасындағылар мен бұқаралық ақпараттар себеп болады.
- Ойын-сауық орындары: дискотека және басқа да ойын сауық орындары.
- Қысым: жаман достардың қысым жасауы.
- Әуестік: бір рет көрейін, сосын тастаймын деп ойлау. Бір рет немесе екі-ақ рет көрудің өзі адамды қайтпас жолға салуға жеткілікті болады.
- Мода: айналасындағыларға еліктеу.



Нашарқорлардың негізгі белгілері:

- Адамның дәрілерді жасыруға тырысуы;
- Терісінде қарайған немесе көгерген ине іздерінің болуы;
- Көктамырдың үстінде не айналасында су жиналғандай іріңнің жиналуы;
- Солғын ұйқылы-ояу болуы;
- Көз қарашығының үлкеюі;
- Адамның бос жерге қарап отыруы;
- Шприц, сабы темірден жасалған қақпақ, отқа ұстап тұруға арналған қасық т.б. есірткі қабылдауға пайдаланылатын құралдардың болуы;
- Нашарқорлардың жаргон тілін білуі;
- Кісінің белгілі бір уақытта (4-5 сағ. сайын) басқа жерге кетіп қалуы (наша қабылдау үшін);
- Өзіне қажетті мұқтаждықтан артық көп ақша жұмсай бастауы; өте ашушаң болуы. Есірткі қабылдайтын уақыты жақындағанда көздері суланып, мұрны ағып, есінеп қасына бастауы.



Есірткі

Елірткіш есірткілер ми мен ағзалардың жұмысын жеделдетіп жібереді. Адам өзін ерекше сезінеді. Адам өз-өзіне сенімді, тәуекелшіл, әңгімешіл болып шыға келеді. Алайда бұл ұзаққа созылмайды. Бара-бара есірткіге тәуелді болады да, онсыз тұра алмайтындай халге жетеді. Елірткіш есірткілер қатарына **кокаин, амфетамин, экстази, сондай-ақ темекі, кофе жатады.**

Тыныштандырғыш есірткілер адамның жігерін жаншып, ойлау қабілетін тежейді. Тыныштандырғыш есірткі сананы тұмшалап тастайды. Олар - **героин, опиаттар (ханка), ұйықтатқыш есірткілер (барбитураттар) және алкаголь.**

Сананы өзгертетін (елес тудыратын) есірткілерді қабылдағанда, көз алдында түрлі елестер пайда болып, адамның көңіл күйі өзгереді, айналасына қорқыныш пен қарайды. Мұндай есірткілер қатарына **ЛСД, каннабис (анаша) т.б. жатады.**

Героин – ақ түсті ұнтақ тәрізді жартылай синтетикалық опиат. Ауырсынуды басатын қасиеті бар. Қысқа уақытта және өте мардымсыз мөлшері құмарлыққа апарады. Героин мұрыннан иіскеу, тері астына және тамыр ішіне қою арқылы қабылданады.

Гашиш дүниенің барлық географиялық өңірлерінде өсірілетін үнді сорасы өсімдігінің түбірі, жапырағы және гүлінен өндіріледі. Гашишта героин, кокаин тектес күшті тәуелділікке ұшырататын зат. Гашиш қолданған адамдарда орын, уақыт, адам және заттар түсінігі бұзылады.

Кокаин. Оңтүстік Америкада өсетін кока өсімдігінің жапырақтарынан жасалады. Ақ, мөлдір тұз сияқты бір ұнтақ. Кокаинды ұнтақ күйінде мұрыннан иіскейді, немесе суға ертіп тамырдан жібереді. Кокаинның жүрек бұлшық еті және сүйек қаңқасы бұлшықеттеріне уытты ықпалы бар.

КРАК кокаинның арзан, көбейтілген түрі. Кракты ұнтақ күйінде мұрыннан иіскейді, көбінде темекімен тартылады. Ықпалы тіпті күшті, әрі өлтіруші. Ұзақ уақыт қолданғандарда рухани қалыпсыздық, тіпті жынанданған ықпалдар көрсетеді.

LSD адамның сана күйін өзгертетін ең күшті химиялық зат болып табылады. Бұл зат бидайға бастырылған саңырау құлақтан жасалады. Түрсіз, дәмсіз, иіссіз бір зат ретінде қолданылады. Адамда ақыл-ой деңгейі төмендеп, галлюцинация болады.

Есірткінің адам ағзасына әсері

Есірткі заттардың адам ағзасына, оның өмір қызметіне әсері түрлі үш аспектіден көрініс табады.

Біріншіден, олар есірткіге тәуелділік синдромын тудыра отырып, мидың белгілі жүйелері мен құрылымдарына әсер етеді.

Екіншіден, бүкіл шеткі ағза жүйелеріне уытты әсер ете отырып түрлі аурулардың дамуына себепші болады.

Үшіншіден, нашақорлық патологиясы ұрпаққа әсер етеді.



Ми және орталық жүйке жүйесі: есірткі ми мен орталық жүйке жүйесіне ең көп зиян тигізеді. Сондықтан миға тәуелді ақыл-ой мен ерік күшіне әсер етіп, адам тепе-теңдік ұстай алмай, қалыпты мінез-құлық пен әрекеттерден айырылады.

Есірткіге тәуелді адамдар, ең алдымен жүйке және психикалық ауруларға шалдығады: ұйқысыздық, жындану, ерте алжып, есінен адасу, ұстамалар, ұмытшақтық, қысқаша айтқанда, барлық психикалық аурулар

Ас қорыту жүйесі бойынша ауытқулар: жүректің айнуы, құсу, іш ауру, қаталау, іш өту, асқазан және ішектердің ауруы, қанау және асқазан жаралары, және т.б.

Бауыр және бүйрекке әсерлері: бұл улы заттардың денеден шығуында ең ауыр жұмыс осы ағзаларға түсіп, мынадай нәтижелерге апарып соғады. Бауыр мен бүйрек жұмысында ақаулардың шығуы, бауырдың қабынуы, бүйректің әлсізденуі, қан мен зәрдің көбеюі, бауыр мен бүйректің тығындалуы, өте ауыр бүйрек аурулары.

Көз бен көру бойынша: жақын және алыс жерді көрмеу, түнде көрмеу, көз карашығының үлкеюі немесе кішіреюі және т.б. көз аурулары.

Тыныс алу жүйесі бойынша: тыныстың тарылуы, жөтел, тұншығу, тыныс ағзаларының сал болуы. Өкпеге түтін, қақырық, ірің жиналып шіру процесі басталады.

Қан ағзалары бойынша: қан адам өмірінің ең маңызды ағзаларының бірі бола тұра есірткіден өте көп зиян көреді. Басты зиянды нәтижелері мыналар: қан аздық, қанның улануы, қан талшықтарының түрі мен мөлшерінің өзгеруі, қанның ұюы және бұдан туындаған гангрена және варикоз ауруы дамуы мүмкін.

Нашақорлар өмірінің орташа ұзақтығы - есірткі пайдалана бастаған соң 5 жыл.

Есірткі зат алмасу процесіне араласып, есірткі ең алдымен, мидың жасушаларын өлтіреді, бұл адамның белсенділігін төмендетіп, селсоқтыққа әкеледі.

Иммундық жүйе зардап шегеді. Сондықтан адам ағзасы түрлі инфекциялық ауруларға қарсы тұра алмайды.

Ең ауыр, қауіпті және емделуі қиын нашақорлық түрі апиын нашақорлығы. Ортақ шприц қолдану салдарынан **ЖИТС/ СПИД/ және вирусты гепатит, сифилис ауруларын** жұқтыру қаупі ұлғаяды.

Жыныс жүйесі бойынша: Есірткі тұтынатын әйелдерде бедеулік, ерлерде белсіздік дамиды. Ешқашан бала сүйе алмайды. Тіпті жасанда жолменде. Есірткі тұтынатын адамдарда жыныс жүйесінің қызметі бұзылып қана қоймай, жыныс жүйесі ауруларының жұғу қаупі бар.

Уақыт өте нашақордың терісі сұр түсті болып, көз айналасы қарайып, бет терісі әжімденеді. Шаштары мен тістері түседі.



Нашақорлықтың алдын - алу шаралары:

- Ата-аналар балалардың тәрбиесіне жіті мән беруі қажет. Балалар барлық проблемаларын алдымен ата-анасына айта алатындай арада жақындық болуы керек.
- Есірткінің құрығына көп жағдайда мектеп оқушылары ілінеді. Осы тұрғыдан мектеп мұғалімдері, сынып жетекшілері, мектеп психологтары балаларды нашақорлықтан сақтау үшін көптеген жұмыстар атқаруы қажет.
- Көптеген мектептерде, ЖОО жастарды нашақорлықтың зияндылығымен таныстыратын бағдарламалар жүргізу.
- Психологиялық белсенді заттектерді тұтынудың алдын алуды кеңінен хабарлау үшін сыртқы жарнаманы (баннерлер, билбордтар, лайтбокстарды) қолдану




Зерттеу әдісін таңдау және сипаттау: Сауалнама

Сауалнама(анкета) – пікір сұрау өткізу үшін іріктелген респонденттерге бірқатар сұрақтар қойып, олардан жауап алатын пікір сұрау парағы.

Сауалнаманы жасаудан бұрын зерттелетін мәселені, қоғамдағы рөлін, қажеттілігін және кем тұстарын қарастырып білу қажет.

Сауалнама алушыға (респондентке) айтылу керек



Сауалнаманы жауап берушінің табысы туралы және оның жеке басына қатысты сұрақтардан бастауға болмайды

Стандартталу типі бойынша

Ашық түрі

Зерттеу мақсаты айқын болған кезде қолданылады, алайда сұрақтарға жауап ашық түрде қалады.

Жабық түрі

Бірыңғайландырылған әдіспен алынған жауаптарды рәсімдеу мен айқындау және жасырын себептерді(мотивтерді) табу мүмкіншіктеріне қол жеткізеді



Пікір сұрау

респондент өзінің аты-жөні және басқа да деректемелері құпия болуын қалайды

өзі туралы тек зерттеушінің ғана білуін сұрайды.

Құрылымы бойынша

Кіріспе

респонденттің пікір сұрауға қатысуын өтініп, оның мақсаты көрсетіліп, респонденттің жауаптарының қандай пайда әкелетіндігі туралы айтылады.

Негізгі бөлім

зерттеу мақсаттарын айқындайтын сұрақтар қойылады

Деректеме

респонденттердің жасы, жынысы, отбасылық жағдайы сияқты сұрақтар қойылады.

Жауап беру уақыты бойынша:

- далада – 3 минуттан кем болмауы,
- үйде сыйақысыз – 5 минуттан көп емес,
- үйде сыйақымен – 15 минуттан көп емес болуы керек.



Зерттеуді жүргізу: зерттеу объектісі – Қызылорда медицина жоғары колледжінің студенттері
Құрметті студенттер!

Сізді жастардың есірткіге әуестігін анықтау мақсатында жүргізілетін әлеуметтік сауалнамаға қатысуға шақырамыз. Сауалнама сұрақтарына жауап беру үшін сұрақты мұқият оқып шығып, өз пікіріңізге сәйкес келетін жауапты дөңгелетіп белгілеңіз. Сіздің берген бағалауыңыз бен пікірлеріңіздің құпиялылығын сақтауға кепілдік береміз.

Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алдан ала алғыс білдіреміз!

1. Сіздің жынысыңыз:

- Әйел
- Ер

2. Сіздің жасыңыз:

- 14-19 жас аралығы
- 20-24 жас аралығы
- 25-29 жас аралығы

3. Сіз есірткі заттарды қолдануға қалай қарайсыз?

- Бұл әркімнің жеке ісі
- Мен мүлде қарсымын
- Мұның ешқандай зияны жоқ
- Басқа (жазыңыз) _____
- Жауап беруге қиналамын

4. Сіз есірткі заттарды қолданып көрдіңіз бе?

- Жоқ қолданып көрген жоқпын, келешекте де қолданбаймын
- Байқап көрдім, бірақ келешекте қолданбаймын
- Үнемі қолданамын
- Анда-санда қолданамын
- Жауап беруге қиналамын

5. Сіздің достарыңыздың арасында есірткі заттарды қолданатындар бар ма?

- Иә
- Жоқ



6. Сіздің ойыңызша, жастардың есірткі және психотроптық заттарды қолдануына не әсер етеді?

- Басқа адамдар мен топтардың ықпалының себьебінен
- Шұғылданатын істің болмауы
- Есірткі заттарды пайдаланудың барлық зардаптарды білмеуінен
- Ләззат алу үшін
- Ересек болып көріну үшін
- Жамандықты ұмыту үшін
- «Тыйым салынған»нәрсеге деген қызығушылықтан

7. Сіздің пікіріңізше, есірткіге тәуелді жандарға бүгін кім нақты көмек көрсете алады?

- Медициналық мекемелер
- Нашақордың өзі
- Жастарға арналған әлеуметтік ұйымдар
- Ата-аналар
- Түзету мекемелері
- Ешкім

8. Сіз есірткі, токсикалық заттарды пайдаланғанның зияндылығы жайлы білесіз бе?

- Білемін
- Білмеймін

9. Сіз «Өмірде бәрін байқап көру керек, сонымен қатар есірткіні де»-деген тұжырыммен келісесіз бе?

- Иә
- Жоқ

10. Егер Сіз немесе Сіздің досыңыз есірткі заттарын қолдана бастаса, бұдан бас тарту үшін кімге жүгінесіз?

- Тек өзіме
- Отбасыма
- Университет басшылығында
- Кураторға
- Таныстарыма, достарыма
- Ішкі істер бөліміне
- Медициналық мекемелерге, есірткіден айықтыру орталығына



Анкета нәтижесін анализдеу


Зерттеу объектісі: «Қызылорда медицина жоғары колледжі» мекемесі

Зерттелуші саны – 25

Жынысы: Әйел – 24 Ер - 1


Мақсаты: Жастар мен ересектер арасында кең тараған нашақорлықты алдын-алу.

Сіз есірткі заттарды қолдануға қалай қарайсыз?



Қорытынды: Есірткі заттарды қолдануға қалай қарайсыз деген сұраққа 4% адам бұл әркімнің жеке ісі деп жауап берген. Сол адамдарға есірткі заттарын қолдану әркімнің жеке ісі емес қоғам мәселесі екенін айтып түсіндіру. Өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп туғызатындығын айтып түсіндіру.

Сіз есірткі заттарды қолданып көрдіңіз бе?




- жоқ қолданып көрген жоқпын, келешекте де қолданбаймын
- байқап көрдім, бірақ келешекте қолданбаймын
- үнемі қолданамын
- анда-санда қолданамын

Қорытынды: Қазіргі таңда жастардың нашақорлыққа деген көзқарасы теріс. Жастар болашақта нашақорлыққа салынбайтынына сенімді.



Достарыңыздың арасында есірткі заттарды қолданатындар бар ма?



Қорытынды: Жастарымыз қоғамда өз орындарын таба білген. Өз достарын дұрыс таңдай алған.




Сіздің ойыңызша, жастардың есірткі және психотроптық заттарды қолдануына не әсер етеді?



Қорытынды: Сіздің ойыңызша, жастардың есірткі және психотроптық заттарды қолдануына не әсер етеді деген сұраққа 37% адам басқа адамдар мен топтардың ықпалының себебінен, 42% адам есірткі заттарды пайдаланудың барлық зардаптарды білмеуінен, 8% адам ләззат алу үшін, 13% адам ересек болып көріну үшін деп жауап берген. Қорыта келе адамдар негізінен есірткі заттарды пайдаланудың барлық зардаптарды білмеуінен есірткіге тәуелді болып қалады. Сондықтан, жасөспірімдер мен жастар арасында нашақорлықты ерте анықтап алдын алу қажет.


Сіздің пікіріңізше, есірткіге тәуелді жандарға бүгін кім нақты көмек көрсете алады?



Қорытынды: Қазіргі таңда есірткіге тәуелді жандарға тек медицина мекемелері нақты көмек көрсете алады. Сондықтан, басқаша ойлайтын адамдарға қазіргі таңда есірткіге тәуелді адамдарға медицина мекемелері толықтай көмек көрсете алатындығын айтып түсіндіру.




Сіз есірткі, токсикалық заттарды пайдаланғанның зияндылығы жайлы білесіз бе?



Қорытынды: Есірткі және токсикалық заттардың зияндылығы жайлы білмейтін жастарға есірткі заттарының зияндылығы жайлы толықтай ақпарат ақпарат беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.



Сіз "Өмірде бәрін байқап көру керек, сонымен қатар есірткіні де"-деген тұжырыммен келісесіз бе?



Қорытынды: Өмірде бәрін байқап көру керек, сонымен қатар есірткіні де деген тұжырымға 4% адам жауап беруге қиналамын деп жауап берген. Жауап беруге қиналатын адамдарға есерткі тұтынудың зияндылығын айтып түсіндіру. Есірткінің зияндылығын білген адам есірткіні де байқап көру керек деген тұжырыммен келіспес еді.



Егер Сіз немесе Сіздің досыңыз есірткі заттарын қолдана бастаса, бұдан бас тарту үшін кімге жүгінесіз?



Қорытынды: Сіздің досыңыз есірткі заттарын қолдана бастаса, бұдан бас тарту үшін медицина мекемелеріне жүгінген дұрыс екендігін басқаша ойлайтын жастарға түсіндіру. Медицина мекемелерінің қызметкерлеріне дер кезінде айтылса, кеш болмай тұрғанда есірткіге тәуелді адамдарға емдеу жұмыстарын жүргізеді.

Қорытынды.

1. Есірткі заттарды қолдануға қалай қарайсыз деген сұраққа 4% адам бұл әркімнің жеке ісі деп жауап берген. Сол адамдарға есірткі заттарын қолдану әркімнің жеке ісі емес қоғам мәселесі екенін айтып түсіндіру. Өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп туғызатындығын айтып түсіндіру.
2. Қазіргі таңда жастардың нашақорлыққа деген көзқарасы теріс. Жастар болашақта нашақорлыққа салынбайтынына сенімді.
3. Жастарымыз қоғамда өз орындарын таба білген. Өз достарын дұрыс таңдай алған.
4. Сіздің ойыңызша, жастардың есірткі және психотроптық заттарды қолдануына не әсер етеді деген сұраққа 37% адам басқа адамдар мен топтардың ықпалының себебінен, 42% адам есірткі заттарды пайдаланудың барлық зардаптарды білмеуінен, 8% адам ләззат алу үшін, 13% адам ересек болып көріну үшін деп жауап берген. Қорыта келе адамдар негізінен есірткі заттарды пайдаланудың барлық зардаптарды білмеуінен есірткіге тәуелді болып қалады. Сондықтан, жасөспірімдер мен жастар арасында нашақорлықты ерте анықтап алдын алу қажет.
5. Қазіргі таңда есірткіге тәуелді жандарға тек медицина мекемелері нақты көмек көрсете алады. Сондықтан, басқаша ойлайтын адамдарға қазіргі таңда есірткіге тәуелді адамдарға медицина мекемелері толықтай көмек көрсете алатындығын айтып түсіндіру.
6. Есірткі және токсикалық заттардың зияндылығы жайлы білмейтін жастарға есірткі заттарының зияндылығы жайлы ақпарат беріп, түсіндіру жұмыстарын жүргізу керек.
7. Өмірде бәрін байқап көру керек, сонымен қатар есірткіні де деген тұжырымға 4% адам жауап беруге қиналамын деп жауап берген. Жауап беруге қиналатын адамдарға есірткі тұтынудың зияндылығын айтып түсіндіру. Есірткінің зияндылығын білген адам есірткіні де байқап көру керек деген тұжырыммен келіспес еді.
8. Сіздің досыңыз есірткі заттарын қолдана бастаса, бұдан бас тарту үшін медицина мекемелеріне жүгінген дұрыс екендігін басқаша ойлайтын жастарға түсіндіру. Медицина мекемелерінің қызметкерлеріне дер кезінде айтылса, кеш болмай тұрғанда есірткіге тәуелді адамдарға емдеу жұмыстарын жүргізеді.

Жалпы қорытынды.

Жұмысымды қорытындылай келе айтатыным есірткіге еліктейтіндер негізінен жасөспірімдер мен жастар. Олар өлімнің не екенін терең ұғынбайтын жаста есірткіге ұрынады. Содан кейін оларда өзінің іс-әрекетіне жауап беретіндей қабілет те болмайды. Нашақорлық дертіне шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түседі. Өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп туғызады.

Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары нарколог мамандар, ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек. Ғасыр дертімен күресу керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол сенің өмірің. Сенің өмірің ол өз қолыңда.

Денсаулыққа зиян келтіретін нәрселерден, жаман әдеттерден аулақ болайық. Жаман әдеттерден аулақ болудың жолы – адам баласының өзін-өзі тәрбиелей білуі, өз денсаулығын қорғай білуі, адамдық қасиетін жоғалтпауы.


«Салауатты өмір салтын ұстанайық». Ол үшін жеке бас және қоғамдық тазалықты сақтап, спортпен айналысып, зиянды нәрселерден аулақ болуымыз керек.

Жас достар! Нашақорлыққа қарсы күрес жүргізу – біздің қолымызда, өйткені біздер жаңа дәуірде елімізді сақтайтын таза, мықты, денсаулығы зор ұрпақ жалғастыратын қазақ елінің салауатты перзентіміз.

Әлемдік статистика бойынша 11,6 миллион адам есірткіге тәуелді. Нашақорлық жас таңдамайтын ғасыр дерті. Бұл ауру адамдарда көп кездесетін болғандықтан, осы аурумен ауыратын адамдар санын азайту үшін халықтың сауаттылығын көтеру шараларын ойлап табу. Яғни, адамдар теледидарды көп қарайтын болғандықтан, нашақорлық туралы оның қандай ауру екендігін, не себепті нашақорлыққа баратындығын, қандай белгілері бар және оның алдын-алу шаралары туралы жаңа **«Есірткісіз болашақ!»** телебағдарламасын ұсынамын.



«Есірткісіз болашақ!» бағдарламасы



Бағдарламаның мақсаты:

- Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесапаты туралы түсінік беру. Ғасыр дертіне айналып отырған кеселдің залалын жан-жақты меңгерту.
- Зиянды әдеттерден аулақ болып, өзін де, өзгені де зиянды әдеттердің қасіретінен қорғай білуге, салауатты өмір сүруге тәрбиелеу. Нашақорлықтың алдын алу.
- Оқушылардың бойында салауатты өмір салтын берік қалыптастыру, жеке тұлғаның санасын дамыту, өмірге деген көзқарастарын қалыптастыру.



Бағдарламаның міндеті:

1. Бұл заттардың адам организміне нақты әсер етуі туралы жастарды ақпараттандыру;
2. Есірткілердің адамды өлтіретін у болып табылатынын ескеріп, дұрыс таңдау жасауға түрткілеу (мотивациялау);
3. Жастардың бұл әлемде өзін табуына көмектесу.



Кеш қонақтары: мектеп психологы, жастар денсаулық орталығының психологы, облыстық наркология орталығының дәрігері, аймақтық дәрігер.

“Есірткісіз болашақ” бағдарламасында талқыланатын сұрақтар:

1. Есірткі туралы ақпарат
2. Есірткі немен қауіпті?
3. Адамдар нашақорлыққа не себепті барады?
4. Есірткінің адам ағзасына зияны қандай?
5. Есірткінің соңы немен аяқталады?
6. Есірткіге тәуелді адамдарға қандай көмек көрсетіледі?
7. Нашақорлықты алдын - алу жолдары



Есірткі - грек тілінде «ұйқы» мағынасын білдіретін «narke» сөзі ағылшын тілінде «narkotik» деген сөзге айналып, ұйықтату, жансыздандыру, сезімсіздендіру деген мағынаны білдіреді. Жалпы айтқанда есірткі заттары деп жансыздандыру ерекшелігіне ие болатын заттарды айтамыз.



Есірткі немен қауіпті?

- Ең бірінші есірткі заттары тәуелділік тудырады
- Психикалық ауытқулар пайда болады
- Нашақорлық- бұл ми, жүрек, бауыр, ішкі ағзаларды ауыр зақымдайтын кесел.
- Нашақорлық – бұл біздің ата- аналарымздың, бауырларымыздың көз жасы
- Нашақорлық – бұл қылмысқа апаратын тіке жол



Есірткі қолданудың себептері:

- ❑ Білімсіздік: есірткінің қаншалықты қауіпті екендігін білмеу.
- ❑ Қызығу: қызығушылықтың туындауына көбінесе айналасындағылар мен бұқаралық ақпараттар себеп болады.
- ❑ Ойын-сауық орындары: дискотека және басқа да ойын сауық орындары.
- ❑ Қысым: жаман достардың қысым жасауы.
- ❑ Әуестік: бір рет көрейін, сосын тастаймын деп ойлау. Бір рет немесе екі-ақ рет көрудің өзі адамды қайтпас жолға салуға жеткілікті болады.
- ❑ Мода: айналасындағыларға еліктеу
- ❑ Әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмендігі
- ❑ Отбасы мүшелерінің бірі арақ-шарап ішуі немесе есірткі қолдануы



Есірткінің адам ағзасына зияны

Зат алмасу процесіне араласып, есірткі ең алдымен, мидың жасушаларын өлтіреді, бұл адамның белсенділігін төмендетіп, селсоқтыққа әкеледі.



Иммундық жүйе зардап шегеді. Сондықтан адам ағзасы түрлі инфекциялық ауруларға қарсы тұра алмайды.





Тіс бұзылады


Тамырға жіберлетін есірткі пайдалану нәтижесінде тек психика, жүрек-қан тамырлы және жүйке жүйесі емес, бауыр, бүйрек те зардап шегеді ауруға қарсы тұру мүмкіндіктері нашарлайды, тіс бұзылады, тамырлар сырқаттанады, белсіздік дамиды, ақыл-ой деңгейі төмендейді.



Тамырлар сырқаттанады



Есірткі обырдың, асқазан жарасының пайда болуына итермелейді. Ең ауыр, қауіпті және емделуі қиын нашақорлық түрі апиын нашақорлығы. Ортақ шприц қолдану салдарынан ЖИТС/ СПИД/ және вирусты гепатит, сифилис ауруларын жұқтыру қаупі ұлғаяды.



Есірткінің соңы немен аяқталады?

Есірткі пайдаланатын адамдарда ерте өлімнің қаупі бар. Нашақор адамның өмірінің орташа ұзақтығы - есірткі пайдалана бастаған соң 5 жыл. Нашақорлық – бұл қылмысқа апаратын тіке жол.

Нашақор адамдар дер кезінде ем алмаса аяқ-қолының гангренасы дамып, соңында мүгедек болып қалу қаупі бар және де ВИЧ-инфекциясының негізгі берілу жолдары болып табылады.



ГАНГРЕНА НОГИ У НАРКОМАНА



Есірткіге тәуелді адамдарға қандай көмек көрсетіледі?

Нашақорлықпен ауыратын адамдарға медико-әлеуметтік көмек көрсетіледі. Қазіргі таңда нашақорлықпен ауыратын адамдарға арналған наркологиялық орталықтар бар. Наркологиялық орталықтар нашақорлықпен ауыратын адамдарға тегін психологиялық және медициналық көмек көрсетеді. Нашақор адамдарды жасырын диспансерлік есепке ала отырып, сол ұйымдар науқастарға емдеу жұмыстарын жүргізеді.



Егер Сіздің жақын адамыңыз наркотикалық заттарды қабылдайды деп ойласаңыз, дереу маман кеңесіне жүгініңіз. Себебі, нашақорлықты ерте кезеңдерінде анықтап емдеу жұмыстарын жүргізсе, нәтижесі әлдеқайда оңай және тиімді болып табылады. Нашақор адамдар тез тозып, өмірге деген қызығушылығы жоғалады сондықтан, отбасы мүшелері дер кезінде көмек көрсете алмаса нәтижесі қайғылы болады.



Наркологиялық орталық



Нашақорлықты алдын - алу жолдары


Нашақорлықтың алдын - алу шаралары мынадай:

- ағартушылық
- психологиялық
- әлеуметтік.

- Ағартушылық жұмыстарында есірткілердің зияны, оларды қолданудың организмге тигізер зардаптары туралы халыққа айтылады.
- Есірткіге тәуелді адамдардың мінез-құлқын қалпына келтіру үшін психологиялық тұрғыдан әңгіме жүргізу керек. Қазіргі таңда жастарға «Жастар денсаулық орталығында» тегін психологиялық көмек көрсетіледі. Қоңырау шалу арқылы тегін маман кеңесін ала алады.
- Әлеуметтік профилактика жастарға қазіргі заманда қоғамда өз орнын табуды, оларды достарының арасында қарым-қатынас орнатуға және саламатты өмір салты принциптеріне үйретеді.



1. Ата- аналар балалардың, жастардың тәрбиесіне жіті мән беру қажет. Жастар барлық проблемаларын алдымен ата-анасына айта алатындай арада жақындық болуы керек.
2. Ата-аналар балаларыңызбен жиі әңгімелелсіп, олармен зиянды заттардың (темекі шегу, ішімдік ішу, есірткі тұтыну) ағзаға әсері туралы әңгімелесу.
3. Мектеп мұғалімдері, мектеп психологтары, жастар денсаулық орталығының психологтары балаларды, жастарды нашақорлықтан сақтау үшін көптеген жұмыстар жүргізу қажет.
4. Отбасы құндылығы. Жасөспірімдер мен жастар өзіне сенімді болуы керек. Отбасында есірткі пайдалануға қарсы айқын ережелер болуы тиіс. Жасөспірімдердің өздеріне ұнайтын ісімен айналысуына көмектесіңіздер.
5. Жасөспірімдер мен жастар ата-аналарының қолдауына және махаббатын сезінуі қажет.
6. Есірткі заттарды тұтынуды алдын-алу үшін жаднама, үнпарақтар шығарылуы қажет.

 Естеріңізде болсын, есірткінің кез-келгені сіздің көңіл-күйіңізді уақытша ғана көтереді. Көбінесе есірткі адамды депрессияға ұшыратып, бойында қорқыныш сезімін туғызады.



Ақпарат көзі:

№	Ақпарат алу орындары	Ақпарат атаулары
1	Колледж ішілік база	<ol style="list-style-type: none">1. Ұ.Тілегенова «У мен дерт» Алматы «Жазушы» баспасы, 1998ж 98 бет.2. Ә.Нұрмұхамбетұлы «Патфизиология» Алматы «Эвро» 2011ж 700б 42бет.3. Денсаулық журналы 6, 2011 жыл 8 бет4. «Арақ темекі және басқа зиянды заттар» Анкара-2002жыл 137 бет.5. Денсаулық №12, 2002ж. 2-бет6. Отбасы және денсаулық №2(50) ақпан, 2006жыл 6-бет7. Отбасы және денсаулық №8 (163) 2015 жыл8. Денсаулық (1) 2014 жыл 24 бет
2	Халықаралық база	<ol style="list-style-type: none">1. https://infourok.ru/
3	Ұлттық базалар	<ol style="list-style-type: none">1. http://www.zozhaktobe.kz/2. http://www.kyzdaralemi.kz/3. https://stud.kz/referat/show/347044. http://www.zozhaktobe.kz/5. https://stud.kz/referat/show/347046. https://vlast.kz/strana/7. https://www.unodc.org8. http://www.ksgp-cis.ru/pages.php?id=729. http://doctorhillier.com /10. http://akm.prokuror.kz/11. https://www.unodc

